

Ақша-кредит және валюта саясатын жүргізуге арналған бірыңғай тәсілдер туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 596 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақша-кредит және валюта саясатын жүргізуге арналған бірыңғай тәсілдер туралы келісімнің жобасы мақұлданын.
2. Ақша-кредит және валюта саясатын жүргізуге арналған бірыңғай тәсілдер туралы келісімге қол қойылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Ақша-кредит және валюта саясатын жүргізуге арналған бірыңғай тәсілдер туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Беларусь Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Ресей Федерациясының Үкіметі, Ресей Федерациясының Орталық банкі, Украина Үкіметі, Украина Ұлттық банкі, 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялтада қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) құру туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып, экономикалық ықпалдастықты тереңдетуге, өзара сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға ұмтыла отырып, БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағында тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етуге ж ә р д е м д е с у м а қ с а т ы н д а , Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі үйлестірілген іс-шараларды жүзеге асырудың қажеттілігін растай отырып, валюта саласындағы ықпалдасу процестерін дамыту үшін негіз жасай отырып, мына төмендегілер туралы келісті

1-бап. Ақша-кредит және валюта саясатын жүргізудің негізгі қағидаттары

1.1. БЭК құру туралы келісімнің 2-бабында айқындалған міндеттерді шешу, валюта бағамдарының құбылмалылығын (тұрақсыздығын) азайтуға жағдай жасау үшін Тараптар ұлттық валютаға деген сенімді қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық

саясатты жүргізетін болады.

1.2. Тараптар БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің ішкі бағаларының тұрақтылығына қол жеткізу үшін қажетті ақша-кредит және валюта саясатын жүргізудің бірыңғай тәсілдерін айқындау туралы уағдаласты.

1.3. Тараптар ақша-кредит және валюта саясатын жүргізу кезінде БЭК шеңберінде ықпалдасу процестерін дамытуға теріс әсер ететін іс-әрекеттерді болдырмауға уағдаласты.

2-бап. Ақша-кредит және валюта саясатын келісу процесінің кезеңділігі

2.1. БЭК құру туралы келісімде және БЭК құру туралы тұжырымдамада белгіленген Біртұтас экономикалық кеңістікті кезең-кезеңімен құру қағидатын назарға ала отырып, Тараптар БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің ақша-кредит және валюта саясатын келісу процесінің сондай-ақ кезеңдік сипатта болуы және ықпалдасу процестерін дамыту үшін қажетті көлемде жүзеге асырылуы тиіс екендігі туралы уағдаласты.

2.2. Тараптар БЭК құрудың БЭК құру тұжырымдамасына сәйкес еркін сауда аймағын құру көзделетін бірінші кезектегі кезеңінде ақша-кредит және валюта саясатының әрбір Тараптың ішкі бағалар тұрақтылығын қамтамасыз етуі үшін қажетті заңды қағидаттарын үйлестіруді жүзеге асыру керектігін келісті.

2.3. Егер ықпалдасу процестерін одан әрі дамыту үшін БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің және үкіметтерінің ақша-кредит және валюта саясаты саласындағы өзара іс-қимылын тереңдету қажет болған жағдайда, Тараптар өзекті мәселелер бойынша жаңа қосымша келісімдер дайындаудың және оларға қол қоюдың қажеттілігі туралы уағдаласты.

2.4. БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің бағамдық саясатын үйлестіру экономикалық ықпалдастықтың күшейтілуіне қарай жүзеге асырылады.

3-бап. Орталық (ұлттық) банктердің тәуелсіздігі

3.1. Тараптар ақша-кредит және валюта саясатын жүргізуге арналған бірыңғай тәсілдерді қалыптастырудың негізгі қағидаты орталық (ұлттық) банктердің тәуелсіздігі болып табылатынына келісті.

3.2. БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері ұлттық заңнамада көзделген функциялар мен өкілеттіктерді мемлекеттік биліктің басқа органдарына қарамастан жүзеге асырады.

3.3. Орталық (ұлттық) банктердің тәуелсіздігі БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасында бекітілуі тиіс.

4-бап. Бюджет тапшылығын қаржыландыру

4.1. БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері орталық (ұлттық) банктердің бюджет тапшылығын тікелей қаржыландыруына жүгінбейді.

4.2. БЭК құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық)

банктері бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін кредиттер бермейді және бастапқы орналастыру кезінде мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алмайды.

4.3. Ақша-кредит саясатын тиімді жүргізу үшін Тараптар мемлекеттік бағалы қағаздардың ішкі нарықтарын дамытуға және қолдауға ұмтылады.

5-бап. Бағамдық саясаттың қағидаттары

5.1. Тараптар БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің Тараптар валюталардың өзара бағамдарын валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс негізінде белгілейтін жағдайларды қоспағанда, валюталардың өзара бағамдарын АҚШ долларына шаққандағы кросс-бағамдар негізінде айқындайтынына келісті.

5.2. БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттің ұлттық валютасының АҚШ долларына шаққандағы бағамы Тараптар валюталардың өзара бағамдарын валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс негізінде белгілейтін жағдайларды қоспағанда, валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс негізінде айқындалады.

5.3. Тараптар БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің валюта саясаты төлем теңгерімінің барлық операциялары бойынша нарықтық валюта бағамы негізінде жүргізілетініне келісті.

6-бап. Ұлттық валюталардың айырбасталымдылығы

6.1. Тараптар төлем теңгерімінің ағымдағы операциялары бойынша ұлттық валюталардың айырбасталымдылығын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы уағдаласты.

6.2. Тараптар ықпалдастық қатынастардың нығаюына қарай БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің капиталмен және төлем теңгерімінің қаржы құралдарымен операциялар бойынша валюталарының өзара айырбасталымдылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

7-бап. Ақша-кредит саясатының мақсаттары

7.1. Тараптар БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің ақша-кредит саясатының басты мақсаты ішкі бағалардың тұрақтылығына қол жеткізу және ұстап тұру болуы тиіс екеніне келісті.

7.2. Ішкі бағалардың тұрақтылығына қол жеткізу және ұстап тұру туралы ереже ақша-кредит саясатының басты мақсаты ретінде БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері туралы ұлттық заңнамаларда белгіленуі тиіс.

8-бап. Ақша-кредит саясатының әдістері мен құралдары

8.1. Тараптар орталық (ұлттық) банктердің қызметі нарықтық экономика және еркін бәсекелестік қағидаттарына сәйкес болуы тиіс екеніне келісті.

8.2. БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің осы Келісімнің 7-бабының 1-тармағында айқындалған ақша-кредит саясатының басты мақсатына қол жеткізу орталық (ұлттық) банктердің нарықтық әдістер мен құралдарды пайдалануы негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

8.3. Орталық (ұлттық) банктер қаржылық емес кәсіпорындар мен ұйымдарға кредиттер бермейді.

9-бап. Ақша-кредит және валюта саясатының ашықтығы

9.1. Тараптар БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің ақша-кредит және валюта саясатын қалыптастыру мен жүргізу процесіне қатысты ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы уағдаласты.

9.2. Тараптар БЭЖ-тің Интернет-сайтында орналастыру үшін ақша-кредит және валюта саясатын қалыптастыру мен жүргізуге қатысты ақпаратты ұсынуға міндеттенеді.

9.3. БЭЖ Интернет-сайтында орналастыруға арналған ақпараттың көлемі, кезеңділігі, мерзімі және ұсыну тәртібі қосымша хаттамамен айқындалады.

10-бап. Дауларды шешу тәртібі

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

11-бап. Ескертулер

Осы Келісімге ескертулер жасауға жол берілмейді.

12-бап. Келісімге қосылу

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылу шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер және қосылушы мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта айқындалды.

13-бап. Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап. Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және одан шығу тәртібі туралы х а т т а м а д а а й қ ы н д а л а д ы .

200 жылғы " ____ " _____ каласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалған. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістіктің комиссиясына берілгенге дейін осы Келісімнің Депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Ұлттық банкі үшін

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Орталық банкі үшін
Украинаның
Үкіметі үшін банкі үшін*

*Ресей Федерациясының
Украинаның Ұлттық*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК